



6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованың «Алатау бәйшешегінің (*Crocus alatavicus* L) фармакогностикалық талдауы және интродукциясының технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Зуриядда Бектемировна Сакипованың

П І К І Р І

Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованың диссертациялық жұмысы тұтастай алғанда Алатау бәйшешегін (*Crocus alatavicus* L.) кешенді фармакогностикалық зерттеуге, стандарттауға және интродукциялау технологиясына арналған. Жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды, өйткені импортты алмастыратын отандық дәрілік заттарды, оның ішінде фитосубстанцияларды жасау және дәрілік өсімдіктерді интродукциялау ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын табысты іске асыруға ықпал ететін болады.

Алламбергенова Зоя Бақбергенқызы 2018 жылдан 2021 жылға дейін С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ PhD докторантурасында 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша оқыды. Оқу кезеңінде ол жоғарыда аталған мамандық бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және ғылыми-зерттеу даярлығын қамтитын білім беру бағдарламасын толық игерді. З.Б. Алламбергенова оқу барысында зерттеу жұмыс тәжірибесін игеріп жетілдірді, республикалық және халықаралық деңгейде өткізілетін көптеген ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Диссертация нәтижелерін апробациялау шеңберіндегі баяндамалар, мақалалар, тезистер мазмұндылығымен, жаңалығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

2019 жылы З.Б. Алламбергенова Люблин Медицина Университетінің (Польша) дәрілік өсімдіктер курсымен фармакогнозия департаментінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Айта кету керек, докторант бағдарламалық жасақтамасы бар хроматографтарда және спектрофотометрде эксперименттік жұмыстарды орындаудың заманауи әдістерін игерді және алынған нәтижелерді түсіндіре және қорытынды жасай алады.

Автор Тянь-Шань эндемигі *Crocus alatavicus* шикізатының кешенді фармакогностикалық зерттеуін жүргізді. Морфологиялық және анатомиялық диагностикалық ерекшеліктерін, фармакопепялық талаптарға сәйкес дәрілік өсімдік шикізатының сапа көрсеткіштерін анықтап, дәрілік өсімдік шөбінің нормативтік құжаттамасын жасады. Сондай-ақ *Crocus alatavicus* шикізатының



тұрақтылығы мен сақтау шарттарын анықтады. Алатау бәйшешегі шикізатының биологиялық белсенділік профилін: бактерияларға, ашытқы саңырауқұлақтарға, вирусқа және ісікке қарсы белсенділіктерін дәлелдеді. Зоя Бақбергенқызы бұл түрді табиғатта сақтай отырып, ғылыми-практикалық медицинада одан әрі ұтымды пайдалану мақсатында өсімдікті табиғи популяцияларға зиян келтірместен көбейтуге мүмкіндік беретін алатау бәйшешегін интродукциялаудың технологиясын жасады.

Диссертацияның негізгі ережелері жарияланымдарда: Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін «Molecules» (Q2) халықаралық басылымында, сондай-ақ, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы пайдалы модель патентімен расталды. Теориялық және практикалық маңыздылығы отандық дәрі-дәрмек өндірушілерге және косметикалық өнімдерге арналған ұсыныстарда тұжырымдалған.

З.Б. Алламбергенова дербестігімен, командада тиімді жұмыс істеу қабілетімен, сондай-ақ көшбасшылық қасиеті және коммуникативтілігімен ерекшеленеді.

Жалпы, орындалған диссертациялық жұмыстың көлемі мен мазмұны өзектілігі, жаңалығы, практикалық маңыздылығы бойынша қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованы қалыптасқан ғылыми зерттеуші, педагог және қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше алатын маман ретінде сипаттауға болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованы 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Фармация ғылымдарының докторы,
профессор



З.Б. Сакипова